



Thinking of you
Electrolux



EN3880AOX

КК ТОНАЗЫТҚЫШ-
МҰЗДАТҚЫШ

RU ХОЛОДИЛЬНИК-
МОРОЗИЛЬНИК

ҚОЛДАНУ ТУРАЛЫ
НҰСҚАУЛАРЫ

ИНСТРУКЦИЯ ПО
ЭКСПЛУАТАЦИИ

2

26



МАЗМҰНЫ

1. ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ	3
2. БҰЙЫМ СИПАТТАМАСЫ	6
3. БАСҚАРУ ПАНЕЛІ	6
4. ӘРКҮНДІК ҚОЛДАНУ	10
5. ПАЙДАЛЫ НҰСҚАУЛАР МЕНЕН КЕҢЕСТЕР	14
6. КҮТУ МЕНЕН ТАЗАЛАУ	15
7. АҚАУЛЫҚТЫ ТҮЗЕТУ	17
8. ОРНАТУ	19
9. ШУЫЛ ТҮРЛЕРІ	23
10. ТЕХНИКАЛЫҚ СИППАТАМА	25

СІЗ ОЙЫМЫЗДА БОЛДЫҢЫЗ

Electrolux құрылғысын сатып алғаныңызға рахмет. Сіз ондаған жылдар бойғы кәсіби тәжірибе мен инновацияға сүйеніп жасалған құрылғыны таңдадыңыз. Тапқырлықтың туындысы болған, көз тартарлық бұл құрылғыны жасау барысында сіз ойымызда болдыңыз. Сондықтан, қолданған сайын тамаша нәтижеге қол жеткізе алатыныңызға сенімді болыңыз.

Electrolux әлеміне қош келдіңіз.

Біздің веб-сайтқа барып келесіні қараңыз:



Қолдануға қатысты кеңестер, кітапшалар, ақаулықты түзету, қызмет көрсету туралы ақпарат:
www.electrolux.com



Сізге барынша жақсы қызмет көрсету үшін өніміңізді мына жерге тіркеңіз:
www.electrolux.com/productregistration



Құрылғыңызға қажетті керек-жарақтарды, шығынды материалдарды және фирмалық қосалқы бөлшектерді сатып алу үшін:
www.electrolux.com/shop

ТҰТЫНУШЫҒА КӨМЕК, ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Фирмалық заттарды қолдануды ұсынамыз.

Қызмет көрсету орталығына хабарласқанда келесі деректердің дайын болуын қамтамасыз етіңіз.

Деректерді техникалық ақпарат тақтайшасынан табуға болады. Үлгісі, Өнім нөмірі, Сериялық нөмірі



Ескерту / Абайлаңыз - Қауіпсіздік туралы маңызды мағлұмат.



Жалпы мағлұматтар менен кеңестер



Қорғаған ортаға зиян келдірмей пайдалану туралы нұсқаулар

Өндіруші ескертусіз өзгеріс енгізу құқығына ие.

1. ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ

Құрылғыны орнатып, ең алғаш пайдаланбас бұрын, өз қауіпсіздігіңіз бен құрылғыны дұрыс қолдану мақсатында, пайдаланушыға арналған бұл нұсқаулықты, оның ішінде кеңестері мен ескертулеріне назар салып оқып шығыңыз. Осы құрылғыны пайдаланатын адамдардың барлығы, қажетсіз ақаулықтар мен тұрмыстық апаттардың алдын алу үшін, оны пайдалану тәсілдерімен және қауіпсіздікті қамтамасыз ететін функцияларымен жете таныс болуы керек. Осы қолдану туралы нұсқаулықты сақтап қойыңыз және тоңазытқышты басқа адамдарға бергеніңізде немесе сатқаныңызда, оны пайдаланатын әрбір адамның бұйымның қолданасы мерзімі аяқталғанға дейін оған қатысты пайдалану және қауіпсіздік шараларынан хабардар болуы үшін нұсқаулықты да қоса беруді ұмытпаңыз. Адам өмірі мен құрылғының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін осы пайдаланушы нұсқаулығындағы ескертулерді орындаңыз, себебі қадағалаудың жеткіліксіздігінен туған ақаулық үшін өндіруші жауапкершілік көтермейді.

1.1 Балалар мен әлсіз адамдардың қауіпсіздігі

- Бұл құрылғыны физиологиялық, сезімдік не болмаса ақыл-ой деңгейіне байланысты не пеш жұмысына қатысты тәжірибиесі мен білімінің аздығына байланысты пайдалана алмайтын адамдар (балаларды қоса алғанда), пешті пайдалану туралы ерекше нұсқауларды алмайынша не олардың қауіпсіздігіне ие адамның қадағалауынсыз пайдаланбауға тиіс.
Балалар құрылғымен ойнамас үшін оларды қадағалап отыру қажет.
- Машинаның орауыштары мен қорабын балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз. Тұншығып кету қаупі бар.
- Егер құрылғыны тастасаңыз, оның ашасын розеткадан суырыңыз да, қорек сымын қиып(құрылғыға барынша тақата)балалар ішіне кіріп қамалып не электр тогының қатерлі әсеріне ұшырамас үшін есігін ағытып алып тастаңыз.
- Егер есігі магнитті тығыздағышпен жабдықталған бұл құрылғыны, есігінде не қақпағында серіппелі құлыбы бар ескі

құрылғының орнына қоймақ болсаңыз, ескі құрылғыны ең алдымен оның серіппелі құлыбын жарамсыз етіп барып тастаңыз. Бұл құрылғыны бала ішіне қамалып қалатын қауіп көзіне айналудан сақтайды.

1.2 Жалпы қауіпсіздік туралы мағлұматтар



Назарыңызда болсын!

Құрылғының корпусындағы немесе кіріктірілген элементіндегі желдеткіш саңылауларды бітмей, ашық ұстаңыз.

- Бұл құрылғы тағамдар мен/немесе сусындарды үйде және сол сияқты басқа жерлерде сақтауға арналған, мысалы:
 - дүкендердің, кеңселердің және басқа жұмыс орындарының қызметкерлерге арналған ас бөлмелерінде;
 - фермадағы үйлерде және қонақ үйлерде, мотельдер мен басқа да тұрғынды жерлерде;
 - төсек және таңғы аспен қамтамасыз ететін жерлерде;
 - қоғамдық тағам және сол сияқты бөлшек сауда жасамайтын орындарда.
- Жібіту үдерісін жылдамдату мақсатында ешқандай механикалық немесе кез келген басқа жасанды құралды пайдаланушы болмаңыз.
- Өндіруші рұқсат бермеген болса, тоңазытқыш құрылғылардың ішіне басқа электр құрылғыларды (балмұздақ жасайтын құрылғы сияқты) салып қолданушы болмаңыз.
- Салқындатқыш зат ағатын жүйеге зақым келтірмеңіз.
- Құрылғының салқындатқыш зат ағатын жүйесінде изобутан (R600a) және қоршаған ортамен сыйысымдылығы жоғары, бірақ сонда да жанғыш зат болып табылатын, табиғи газ болады.
Құрылғының тасымалдау және орнату кезінде салқындатқыш зат жүйесіне зақым келтірілмейтініне көз жеткізіңіз.
Салқындатқыш зат жүйесі зақымдалса:
 - жалын от пен тұтату көздері болмауы тиіс

- құрылғы орналасқан бөлмені жақсылап желдетіңіз
- Осы өнімді немесе оның сипаттарын өзгерту қауіпті. Кабельге зақым келсе қысқа тұйықталу, өрт шығу және/немесе тоқ соғу қаупі төнеді.



Назарыңызда болсын!

Кез келген электрлік бөлшектерін (қуат сымы, аша, компрессор), қатерлі жағдай орын алмас үшін, куәлігі бар қызмет көрсетуші маманы немесе білікті техник маман ауыстыруға тиіс.

1. Қуат кабелін ұзартуға болмайды.
 2. Қуат кабелі құрылғының артқы жағында мыжылып немесе зақымдалып қалмағанына көз жеткізіңіз. Мыжылған немесе зақымдалған қуат кабелі тым қызып кетіп, өрт шығуына әкелуі мүмкін.
 3. Құрылғының айыры қол жетерлік жерде орналасқанына көз жеткізіңіз.
 4. Айырды қуат кабелін ұстап тартпаңыз.
 5. Розетка босап кеткен болса, айырды оған қоспаңыз. Тоқ соғу немесе өрт шығу қаупі бар.
 6. Құрылғыны ішкі жарықтама шамының қақпағы (егер бар болса) жабылмаса іске қосуға болмайды.
- Бұл құрылғы ауыр. Оны жылжытқан кезде абай болу керек.
 - Қолыңыз сулы болса, мұздатқыш бөліктен заттарды алмаңыз және оларға тименіз, себебі қолыңыздың терісі сыдырылып кетуі немесе қарылып қалуы мүмкін.
 - Құрылғыны ұзақ уақытқа тікелей күн сәулелерінің астына қоймаңыз.
 - Осы құрылғыда тек тұрмыстық құрылғыларда пайдалануға арналған арнайы шамдар (егер бар болса) ғана қолданылған. Олар үйді жарықтандыру үшін қолдануға жарамайды.

1.3 Күнделікті пайдалану

- Ыстық ыдысты құрылғы ішіндегі пластик жерлерге қоймаңыз.
- Құрылғы ішіне тұтанғыш газ бен сұйықты қоймаңыз, себебі олар жарылып кетуі мүмкін.
- Тағамдарды артқы қабырғадағы ауа шығатын саңылауға қарама-қарсы қоюға

болмайды. (Егер құрылғыға мұз қатпайтын болса)

- Мұздатылған тағамды жібітіп алған соң оны қайта мұздатуға болмайды.
- Алдын ала оралған тағамды мұздатылған тағам өндірушінің нұсқауларына сай сақтаңыз.
- Құрылғы өндірушінің тағам сақтауға қатысты ұсыныстарын қатаң орындау керек. Тиісті нұсқауларға қараңыз.
- Көмірқышқылдандырылған не көпіршітін сусындарды тоңазытқыш камераға қоймаңыз, себебі ыдысқа түскен қысым оның жарып, нәтижесінде құрылғыға нұқсан келуі мүмкін.
- Мұздақтарды тоңазытқыштан алған бетте пайдаланғанда аяз қарып жіберуі мүмкін.

1.4 Күтім және тазалау

- Құрылғыға қызмет көрсетуді бастамас бұрын құрылғыны өшіріп, ашаны электр желісіндегі розеткадан суырып алыңыз.
- Құрылғыны металл заттармен тазаламаңыз.
- Құрылғы қырауын тазалау үшін өткір заттарды пайдаланбаңыз. Пластик қырғышты пайдаланыңыз.
- Еріген суды жинайтын табақшаны мезгіл-мезгіл тексеріп отырыңыз. Қажет болса, табақшаны тазалап отырыңыз. Табақша толып қалған жағдайда су құрылғының астыңғы жағына жиналады.

1.5 Орнату



Электр желісіне қосарда, арнайы бөлімдерде берілген нұсқауларды мұқият орындаңыз.

- Құрылғы орамын ашып, оның еш жерінің бүлінбегенін тексеріп алыңыз. Құрылғының бір жері бүлініп қалса қоспаңыз. Қандай да бір бүлінушілік орын алғанда, құрылғыны сатып алған жерге дереу хабарлаңыз. Бұндай жағдайда қорабын сақтап қойыңыз.
- Құрылғыны қоспас бұрын оның майы компрессорға ағып құйылу үшін кем дегенде екі сағат күтіңіз.
- Құрылғы айналасында ауа жеткілікті түрде айналуға тиіс, ауа айналымы жеткіліксіз болса құрылғы қызып кетеді. Желдету жеткілікті болу үшін орнатуға қатысты нұсқауларды орындаңыз.

- Мүмкін болса, құрылғының жылы тұратын бөлшектерін (компрессор, конденсатор) ұстап қалып не оларға қол тигізіп алып күйіп қалмас үшін тоңазытқыштың арт жағын әрқашан қабырғаға қаратып қойыңыз.
- Құрылғыны радиатор не пештердің қасына жақын орналастыруға болмайды.
- Құрылғыны орнатқан соң оның ашасының қол оңай жететін жерде болуын қамтамасыз етіңіз.
- Тек ауыз суы жүйесіне ғана қосыңыз (егер суға қосу қажет болса).

1.6 Қызмет

- Құрылғыны жөндеу үшін қажет электр жұмыстарын электр маманы не білікті адам жүзеге асыруға тиіс.
- Бұл өнімге қызмет көрсетуді тек уәкілетті қызмет көрсету орындары жүзеге асыру


керек және құрылғының нағыз өз бөлшектері ғана пайдаланылуға тиіс.

1.7 Қоршаған ортаны қорғау




Бұл құрылғының салқындатқыш сұйығының құрамында да, изоляция материалдарында да озон қабатына зиян келтіретін газдар жоқ. Бұл құрылғыны тұрмыстық қалдық пен қоқыстар тасталатын жерге тастауға болмайды. Оның изоляция қабаттамасында тұтанғыш газдар бар: құрылғыны жергілікті құзырлы мекемелерден алынатын жарамды ережелерге сай тастау қажет. Салқындатқыш құралға, әсіресе оның қызу алмастырғышқа жақын артқы бөлігіне зиян келтірмеңіз. Құрылғыда пайдаланылған  белгішесімен белгіленген материалдар қайта өңдеуден өткізуге жарайды.

2. БҰЙЫМ СИПАТТАМАСЫ




- | | |
|-------------------------------------|---|
| 1 Жеміс тартпалары | 7 Сары май сәресі |
| 2 Freshzone тартпасы | 8 Есіктің сәресі |
| 3 Шыны сәрелер | 9 Шөлмек қоятын сәре |
| 4 Ауамен үздіксіз салқындату | 10 Мұздатқыш себеттер |
| 5 Шөлмек сәресі | 11 Техникалық ақпарат тақтайшасы |
| 6 Басқару панелі | |

3. БАСҚАРУ ПАНЕЛІ



- 1 Бейнебет
- 2 Drink Chill түймешігі және Құрылғы ON/OFF түймешігі
- 3 Суығырақ температураға қою тетігі
- 4 Жылырақ температураға қою тетігі
- 5 Тоңазытқыш бөліктің түймешігі



- 6 Мұздатқыш бөліктің түймешігі
 - 7 Mode түймешігі
- Түймешіктердің алдын ала қойылған сигналдарын Mode және Суығырақ температураға қою тетігін бірнеше секунд бірге басып қатайтуға болады. Осыны қайта өзгертуге болады.

- A) Тоңазытқыш температурасының индикаторы
- B) Тоңазытқыш сәндірулі режимі
- C) Демалыс функциясы
- D) Тоңазытқыш Eco Mode функциясы
- E) Шопинг функциясы
- F) Ескерту индикаторы
- G) Мұздатқыштың Eco Mode функциясы
- H) Fast Freeze функциясы
- I) Мұздатқыш температурасының индикаторы
- J) Время (Уақыт)
- K) Drinks Chill функциясы
- L) Қосымша ылғалдылық функциясы
- M) Деморежим

i Тоңазытқыш немесе мұздатқыш бөлікті таңдағаннан кейін ----- жандану басталады. Температураны таңдағаннан кейін жанданған белгі бірнеше мнұт жыпылықтайды.

3.1 Іске қосу

Құрылғыны қосу үшін мына әрекеттерді орындаңыз:

1. Ашаны розеткаға сұғыңыз.
2. Бейнебет сәніп қалса, ON/OFF түймешігін басыңыз.
3. Егер бейнебетте DEMO көрсетілсе, құрылғы демо-режимде тұр. "Ақаулықты түзету..." тармағын қараңыз.

4. Температура индикаторлары орнатылған әдепкі температураны көрсетеді. Орнатылған басқа температураны таңдау үшін "Температураны реттеу" тарауын қараңыз.

3.2 Өшіру

Құрылғыны сәндіру үшін мына әрекеттерді орындаңыз:

1. Құрылғы ON/OFF түймешігін 3 секунд басыңыз.
2. Бейнебет сәнеді.
3. Құрылғыны электр желісінен ағыту үшін ашаны розеткадан суырыңыз.

3.3 Тоңазытқышты сәндіру

Тоңазытқышты сәндіру үшін:

1. Fridge Compartment түймешігін бірнеше секунд басыңыз.
2. Тоңазытқыш OFF индикаторы көрсетіледі.

3.4 Тоңазытқышты іске қосу

Тоңазытқышты іске қосу үшін:

1. Fridge Compartment түймешігін басыңыз. Тоңазытқыш OFF индикаторы сәнеді. Орнатылған басқа температураны таңдау үшін "Температураны реттеу" тарауын қараңыз.

3.5 Температураны реттеу

Тоңазытқыш немесе мұздатқыш бөлікті таңдаңыз.

Температураны орнату үшін температура түймешігін басыңыз.

Орнатылған әдепкі температура:

- тоңазытқыш үшін +4°C
- мұздатқыш үшін -18°C

Температура индикаторлары орнатылған температураны көрсетеді.

Таңдалған температура 24 сағат ішінде орнайды.



Электр қуаты үзіліп қалса, орнатылған температура сақтаулы қалады.

3.6 Қосымша ылғалдылық режимі

Тоңазытқыштың ылғалдылығын арттыру керек болса, Қосымша ылғалдылық функциясын іске қосуды ұсынамыз.

Функцияны іске қосу үшін:

1. Mode түймешігін тиісті белгі көрінгенше басыңыз.

Функцияны ажырату үшін:

1. Басқа функцияны таңдау үшін Mode түймешігін басыңыз немесе тиісті белгілердің ешқайсысы көрінбей кеткенше Mode түймешігін басыңыз.

3.7 Тоңазытқыш және Мұздатқыш бөлікке арналған EcoMode режимі

Тағамды барынша оңтайлы сақтау үшін EcoMode режимін таңдаңыз.

Функцияны іске қосу үшін:

1. Тоңазытқыш/мұздатқыш бөлікті таңдаңыз.
2. Mode түймешігін тиісті белгі көрінгенше басыңыз.

Температура индикаторы орнатылған температураны көрсетеді:

- тоңазытқыш үшін: +4°C
- мұздатқыш үшін: -18°C

Функцияны ажырату үшін:

1. Тоңазытқыш/мұздатқыш бөлікті таңдаңыз.
2. Басқа функцияны таңдау үшін Mode түймешігін басыңыз немесе Mode түймешігін арнайы белгілердің барлығы көрінбей кеткенше басыңыз



Функция басқа орнатылған температураны таңдаған кезде ажыратылады.

3.8 ShoppingMode

Жылы тағамды көп мөлшерде, мысалы, азық-түлік дүкенінен келген бетте салғыңыз келсе, тағамдарды неғұрлым тез тоңазыту үшін, әрі тоңазытқыштағы басқа тағамдар жібіп кетпес үшін ShoppingMode функциясын іске қосуды ұсынамыз.

Функцияны іске қосу үшін:

1. Mode түймешігін тиісті белгі көрінгенше басыңыз.

ShoppingMode функциясы шамамен 6 сағаттан кейін автоматты түрде өшеді.

Функцияны автоматты түрде сөніп қалмай тұрып өшіру үшін:

1. Басқа функцияны таңдау үшін Mode түймешігін басыңыз немесе Mode түймешігін арнайы белгілердің барлығы көрінбей кеткенше басыңыз



Функция тоңазытқыштың басқа орнатылған температурасын таңдаған кезде ажыратылады.

3.9 Демалыс режимі

Бұл функция ұзақ демалысқа кетерде жағымсыз иіс пайда болдырмай, тоңазытқышты жабық әрі бос ұстауға мүмкіндік береді.



Демалыс функциясы іске қосулы тұрғанда, тоңазытқыш бөлік бос болуға тиіс.

Функцияны іске қосу үшін:

1. Mode түймешігін тиісті белгі көрінгенше басыңыз.

Тоңазытқыш температурасының индикаторы орнатылған температураны көрсетеді.

Функцияны ажырату үшін:

1. Басқа функцияны таңдау үшін Mode түймешігін басыңыз немесе Mode түймешігін арнайы белгілердің барлығы көрінбей кеткенше басыңыз



Функция тоңазытқыштың басқа орнатылған температурасын таңдаған кезде ажыратылады.

3.10 DrinksChill режимі

DrinksChill функциясы дыбысты сигналды қажетті кезде орнату үшін қолданылады, мысалы, рецепт бойынша пісіргенде қоспаны белгілі бір уақыт ішінде суытып алу қажет болса, немесе мұздатқышқа жылдам суыту үшін қойылған шөлмектерді ұмытып кетпеу үшін ескерту сигналы қажет болған кезде қолданылады.

Функцияны іске қосу үшін:

1. DrinkChill түймешігін басыңыз.
DrinksChill индикаторы көрінеді.
Таймер орнатылған мәнді көрсетеді (30 минут).
2. Таймердің орнатылған мәнін 1 мен 90 минут аралығында өзгерту үшін "Суығырақ температура" түймешігі және "Жылырақ температура" түймешігін басыңыз.
3. Таймер жыпылықтай бастайды (min). Кері санақ аяқталған кезде, DrinksChill индикаторы жыпылықтайды да, дыбыстық сигнал естіледі:
 1. Мұздатқыш камерадағы сусындарды алыңыз.
 2. Дыбыстық сигналды сөндіру және функцияны біржола тоқтату үшін DrinkChill түймешігін басыңыз.

Функцияны кері санақ орындалып тұрған кезде, кез келген уақытта ажыратуға болады.

1. DrinkChill түймешігін басыңыз.
2. DrinksChill индикаторы сөнеді.
"Суығырақ температура" түймешігі мен "Жылырақ температура" түймешігін басып, уақытты кері санақ орындалып тұрған кезде және аяқталған кезде өзгертуге болады.

3.11 FastFreeze режимі

Функцияны іске қосу үшін:

1. Мұздатқыш бөлікті таңдаңыз.
2. Mode түймешігін тиісті белгі көрінгенше басыңыз.

Бұл функция 52 сағаттан кейін өздігінен тоқтайды.

Функцияны автоматты түрде сөніп қалмай тұрып өшіру үшін:

1. Мұздатқыш бөлікті таңдаңыз.
2. Басқа функцияны таңдау үшін Mode түймешігін басыңыз немесе Mode түймешігін арнайы белгілердің барлығы көрінбей кеткенше басыңыз



Функция мұздатқыштың басқа орнатылған температурасын таңдау арқылы ажыратылады.

3.12 Жоғары температураны ескерту

Мұздатқыш камераның ішіндегі температураның жоғарылағаны (мысалы, электр қуаты өшкен кезде) төмендегідей көрсетіледі:

- ескерту сигналы мен мұздатқыш температурасының индикаторлары жыпылықтайды

- дыбыстық сигнал естіледі.

Ескерту сигналын қалпына келтіру үшін:

1. Кез келген түймешікті басыңыз.
2. Дыбыстық сигнал ажыратылады.
3. Мұздатқыш температурасының индикаторы ең жоғары температураны бірнеше секунд көрсетеді. Содан кейін қайта орнатылған температураны көрсетеді.
4. Ескерту индикаторы қалыпты жағдайлар қалпына келгенше жыпылықтап тұрады.
Ескерту сигналы тоқтаған кезде, ескерту индикаторы сөнеді.

3.13 “Есік ашық” ескерту сигналы

Есік бірнеше минут ашық қалса, дыбыстық сигнал естіледі. Есіктің ашық тұрғандығы төмендегі белгі арқылы көрсетіледі:

- Ескерту индикаторы жыпылықтайды

- дыбыстық сигнал

Қалыпты жұмыс режимі орнағаннан кейін (есік жабылғанда), дыбыстық сигнал тоқтайды. Ескерту сатысында кез келген түймешікті басып ескерту сигналын ажыратуға болады.

4. ӘРКҮНДІК ҚОЛДАНУ

4.1 Мұздатылған тағамды сақтау

Құрылғыны жаңа іске қосарда не біраз уақыт пайдаланбай барып іске қосқан кезде, тағамды камераға салмай тұрып, құрылғыны кем дегенде 2 сағатқа қосыңыз.

Мұздатқыштың тартпалары оралған тағамдарды оңай және жылдам табатын етіп жасалған. Егер өте көп мөлшерде тағам сақтау қажет болса, астыңғы тартпадан басқа тартпалардың барлығын алыңыз, астыңғы тартпа ауаның жақсы айналып тұруын қамтамасыз ету үшін қажет. Сөрелердің барлығына есіктен 15 мм шығып тұратын тағам салуға болады.



Мысалы, электр қуаты өшіп қалып құрылғы мұзы кездейсоқ жібіп кетсе және электр қуаты, техникалық параметрлер кестесінің "температураның жоғарылау уақыты" бөлімінде көрсетілген шамадан да ұзақ уақыт жоқ болса, тағамды дереу тауысу не пісіріп барып қайта тоңазыту керек (салқындатқан соң).

4.2 Жаңа тағамды мұздату

Мұздатқыш бөлік жаңа тағамды мұздату мен тоңазыған және мұздатылған тағамдарды ұзақ уақыт сақтауға жарайды.

Жаңа тағамды мұздату үшін Жылдам мұздату функциясын, мұздатылатын тағамды мұздатқыш камераға қоярдың алдында, кем дегенде 24 сағат бұрын қосыңыз.

Мұздатулуға тиіс жаңа тағамды астыңғы бөлікке қойыңыз.

24 сағат ішінде мұздатуға болатын тағамның ең көп мөлшері тоңазытқыштың ішіндегі техникалық ақпарат тақтайшасында көрсетілген.

Мұздату үрдісі 24 сағатқа созылады: осы уақыт аралығында мұздатқыңыз келген басқа тағамды қосып салмаңыз.


24 сағаттан кейін мұздату үрдісі аяқталғаннан кейін Жылдам мұздату функциясын ("Жылдам мұздату функциясы" тармағын қараңыз) ажыратыңыз.

4.3 Жібіту

Мұздатылған не тоңазытылған тағамды қажетке жаратпас бұрын, осы жұмысқа арналған уақыттың шамасына қарай отырып, оны тоңазытқыш ішінде не бөлме температурасында жылытуға болады.

Тағамның кіші кесектерін тоңазытқыштан алған бетте мұздаған қалпы пісіре беруге болады. бұндай жағдайда пісіру уақыты ұзағырақ болады.

4.4 Ауаны салқындату




Multiflow технологиясы тағамды жылдам суытады және камера температурасын барынша біркелкі ұстайды. Бұл құрал тағамды жылдам суытып, камера температурасын барынша біркелкі ұстауға мүмкіндік береді.

4.5 Көміртекті сүзгі

Құрылғыңыз ауа тарататын қорапшаның артқы қабырғасындағы қалқанның артында орналасқан көміртекті сүзгімен жабдықталған.


Бұл сүзгі тоңазытқыш камерасындағы жағымсыз иісті тазартады, яғни тағамның сапасы жақсара түседі.

4.6 Freshzone тартпа



Бұл құрал тағамды жылдам суытып, тартпаның ішіндегі температураны біркелкі ұстауға мүмкіндік береді. Функцияны іске қосу үшін:

1. Шопинг функциясын іске қосыңыз.
2. Шопинг индикаторы жанады.
3. Қалқанды суретте көрсетілгендей жоғары жылжытыңыз.




Функцияны ажырату үшін:

1. Қалқанды төмен жылжытыңыз.
2. Шопинг функциясын ажыратыңыз.
3. Шопинг индикаторы өшеді.




Функция бірнеше сағаттан кейін автоматты түрде сөнөді.

4.7 FreshZone Режим



Егер бөлік Freshzone ретінде керек болмаса, төмен температуралы тартпа ретінде пайдалану үшін параметрлерді өзгертуге болады.




Функцияны іске қосу үшін:

- Қалқанды суретте көрсетілгендей жоғары жылжытыңыз.

Функцияны ажырату үшін:

1. Қалқанды төмен жылжытыңыз.

4.8 Сусындарды тез салқындату (QuickChill)



Бұл функция сусындарды жылдам салқындатады.

Функцияны іске қосу үшін:

1. Freshzone тартпасын алыңыз немесе жоғары жылжытыңыз, шөлмек сөресін суретте көрсетілгендей QuickChill ұяшықтарының алдына қойыңыз.
2. Шопинг функциясын іске қосыңыз.
3. Шопинг индикаторы жанады.
4. Қалқанды суретте көрсетілгендей жоғары жылжытыңыз.


Функцияны ажырату үшін:

1. Қалқанды төмен жылжытыңыз.
2. Шопинг функциясын ажыратыңыз.
3. Шопинг индикаторы өшеді.




Функция бірнеше сағаттан кейін автоматты түрде сөнеді.

4.9 Жылжымалы сөрелер



Тоңазытқыштың қабырғасында сөрелерді қалауыңызша орналастыруға арналған бірнеше бағыттауыш бар.

4.10 Бөтелке сөресі




Бөтелкелерді (аузын алға қаратып) алдын ала орналастырылған сөреге қойыңыз.



Сөре көлденең орналастырылған болса, тек жабық бөтелкелерді ғана қойыңыз. Ашылған бөтелкелерді сақтау үшін осы бөтелке сөресін еңкейтіп қоюға болады. Бұл нәтижеге қол жеткізу үшін сөрені жоғары қарай бұрып, келесі жоғарғы деңгейге көтеріп қоюға болады.


4.11 Есіктің сөрелерін орналастыру



Әр түрлі мөлшерде оралған тағамдарды орналастыру үшін есіктегі сөрелерді түрлі биіктікке қоюға болады.

Бұл үшін төмендегі әрекеттерді жасаңыз: сөрелерді көрсеткі бағыты бойынша еппен тартып шығарыңыз да, қажетті орынға қойыңыз.

4.12 Мұздатқыш себеттерді мұздатқыштан алу



Мұздатқыш себеттер, кездейсоқ алынып қалуға немесе құлап кетуге жол бермейтін тіреуішпен жабдықталған. Оны мұздатқыштан алу үшін, себетті өзіңізге қарай тартыңыз да, шегіне жеткен кезде себеттің алдыңғы жағын жоғары көтеріп қалыңыз.

Қайта орнына қою үшін, себеттің алдыңғы жағын ақырын ғана көтеріп мұздатқышқа салыңыз. Шеткі жақтарын келтіріп салғаннан кейін, себеттерді өз орындарына қарай итеріңіз.

5. ПАЙДАЛЫ НҰСҚАУЛАР МЕНЕН КЕҢЕСТЕР

5.1 Қалыпты жұмыс шуылы

- Тоңазытқыш сұйық түтікшелер арқылы аққан кезде, сылдыраған немесе көпіршіген тәрізді әлсіз шуыл естілуі мүмкін. Бұл дұрыс.
- Компрессор қосылып тұрған кезде, тоңазытқыш сұйық жан-жаққа таралады да, компрессордан сылдырлаған, сондай-ақ дірілдеген дыбыс естисіз. Бұл дұрыс.
- Жылу әсерінен кеңею кезінде кенет тырстыр еткен шуыл естілуі мүмкін. Бұл қалыпты жағдай, қауіпті физикалық құбылыс емес. Бұл дұрыс.

5.2 Қуатты үнемдеуге қатысты ақыл-кеңес

- Есікті жиі-жиі ашпаңыз не қажетті уақыттан артық уақыт ашып тұрмаңыз.

- Орта температурасы жоғары болса, температура регуляторы ең жоғарғы параметрге қойылса және тоңазытқыш ішіне тамақ толтырылса салынса, компрессор буландырығыш құралдың үстіне мұз қатырып, үздіксіз жұмыс жасауы мүмкін. Бұндай жағдай орын алса, температура регуляторын құрылғы электр қуатын үнемдей отырып өздігінен жібу үшін төменгі көрсеткішке қойыңыз.

5.3 Жаңа тағамды тоңазытуға қатысты ақыл-кеңес

Ең жақсы нәтижеге жету үшін:

- жылы не буы бұрқырап тұрған сұйық заттарды тоңазытқышқа қоймаңыз
- тағамның бетін жабыңыз не оны орап салыңыз, әсіресе ол өткір иісті болса

- тағамды ауа оның айналасында еркін айнала алатындай етіп орналастырыңыз

5.4 Тоңазытуға қатысты ақыл-кеңес

Пайдалы кеңестер:

Ет (барлық түрлері) : полиэтилен қалтаға орап көкөніс суырмасының үстіңгі жағындағы шыны сөреге қойыңыз.

Сақтық мақсатында тағамды осылайша тек бір, көп дегенде екі күн ғана сақтау керек. Пісірілген тағамдар, суық тағамдар т.б.: бұлардың бетін жауып кез келген сөреге қоюға болады.

Жемістер мен көкөністер: бұларды мұқият тазалап арнайы сөреге (лер) салу қажет. Сарымай мен ірімшік: бұларды арнайы ауа өткізбейтін сауыттарға салып не алюминий қағазға не полиэтилен қалтаға орап, мүмкіндігінше ауа өткізбеуге тырысу қажет. Сүт бөтелкелері: бұлардың тығындарын жауып, есіктегі бөтелке қойылатын қатарға қою қажет.

Оралмаған банан, картоп, пияз бен сарымсақты тоңазытқышта ұстауға болмайды.

5.5 Тоңазыту туралы кеңес

Төменде тоңазыту үрдісін барынша тиімді жүзеге асыру үшін бірнеше маңызды кеңестер берілген:

- 24 сағат ішінде тоңазытуға болатын ең көп тағам мөлшері техникалық ақпарат тақтайшасында берілген;
- мұздату үрдісі 24 сағатқа созылады. Осы уақыт аралығында тоңазытылуға тиіс ешбір қосымша тағамды қосып салуға болмайды;
- тек аса жоғары сапалы, жаңа және мұқият тазаланған тағамдарды ғана тоңазытыңыз;
- тағамды жылдам әрі толықтай мұздатып, қажетті кезде оның тек қажетті мөлшерін ғана жібіту үшін кішкене бөлшектерге бөліп дайындаңыз;
- тағамды алюминий қағазға не полиэтилен қалтаға орап, орамының ауа өткізбейтіндігіне көз жеткізіп алыңыз;

- жаңа, мұздамаған тағамды әлдеқашан мұздаған тағамға, оның температурасы көтеріле бастамас үшін тигізбеңіз;
- майы аз тағамдар майлы тағамдарға қарағанда жақсы әрі ұзақ сақталады; тұз тағамның сақталу уақытын азайтады;
- мұз текшелерін мұздатқыш камерадан алған бетте тура пайдаланса, аяз теріні қарып кетуі мүмкін;
- Тағамдарды сақтау уақытының кестесін жасау үшін, тағамның әрбір жеке орамасына оның тоңазытылған ай-күнін жазып қою ұсынылады;

5.6 Мұздатылған тағамды сақтау бойынша кеңес

Мұздатқыштағы себеттер оралған тағамдарды дереу, әрі оңай тауып алуға көмектеседі. Егер көп мөлшерде тағам сақтағыңыз келсе, ауа айналымын жақсарту үшін, орнында тұруға тиіс астыңғы себеттен басқа суырмалардың барлығын алыңыз. Құрылығының барынша жақсы жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін мына әрекеттерді орындау керек:

- сатушының мұздаған қалпы сатылатын тағамдарды тиісті түрде мұздатқанына көз жеткізіңіз;
- мұздатылған тағамдарды дүкеннен мұздатқышқа барынша аз уақыт ішінде жеткізіңіз;
- егер аса қажет болмаса есігін жиі ашпаңыз немесе ұзақ уақыт ашып қалдырмаңыз;
- мұздап тұрған тағамды жібіткеннен кейін сапасы дереу түсе бастайды және оны қайта мұздатуға болмайды;
- тағамды өндіруші көрсеткен жарамдылық мерзімінен артық уақыт сақтамаңыз.

6. КҮТУ МЕНЕН ТАЗАЛАУ

6.1 Ішін тазалау

Құрылығыны ең алғаш пайдаланбас бұрын, жаңа бұйымға тән иісті арылту үшін оның іші мен ішкі керек-жарақтарын сәл нейтрал сабын

салынған жылы сумен жуып, содан соң мұқият құрғатыңыз.



Жуғыш зат не жеміргіш ұнтақтарды пайдаланбаңыз, бұл құрылғының сыртқы қабатына зиян келтіреді.



Сақтандыру туралы ескерту!

Жөндеу жұмысын жүргізбес бұрын құрылғыны электр желісінен ағытыңыз.



Бұл құрылғының салқиндатқыш құралында сутегілі көміртек бар; сондықтан да, жөндеу жұмыстары мен оны қайта толтыруды тек уәкілетті маман ғана жүзеге асыруға тиіс.

6.2 Мезгілімен тазалап отыру

Құрылғыны мезгіл-мезгіл тазалап отыру қажет:

- іші мен керек-жарақтарын аздап нейтрал сабын салынған жылы сумен тазалаңыз.
- есік тығыздағышын мезгіл-мезгіл тазалап, кір тұрып қалмас үшін сүртіп алып отырыңыз.
- шайып мұқият құрғатыңыз.



Құрылғы ішіндегі түтікшелер және/не сымдардың ешқайсысын тартпаңыз, жылжытып не бүлдірмеңіз. Құрылғының ішін тазалау үшін жуғыш заттарды, жеміргіш ұнтақтар мен аса хош иістендірілген тазалағыш заттарды не балауыз жылтыратқыштарды пайдаланбаңыз, себебі бұндай заттар құрылғының беткі қабатын бүлдіріп, онда ерекше иіс қалдырады.


Құрылғының артындағы конденсатор (қара гриль) мен компрессорды шетке не шаңсорғышпен тазалаңыз. Бұлай істеу құрылғы жұмысын жақсартып, электр шығынын азайтады.



Салқиндатқыш жүйеге еш нұқсан келтірмеуге тырысыңыз.

Ас үй құрылғыларының бетін тазалауға арналған көпшілік заттардың құрамында осы құрылғы үшін пайдаланылған пластиктерге зиянды әсер ететін химикаттар бар. Сондықтан да осы құрылғы корпусының сыртын, тек аздаған жуғыш зат салынған жылы сумен тазалау ұсынылады. Тазалап болған соң құрылғыны электр желісіне қайта қосыңыз.

6.3 Тоңазытқыштың мұзын еріту



Құрылғы қалыпты жұмыс істеп тұрса, қырау тоңазытқыш камерадағы буландырғыштан, мотор компрессоры тоқтаған сайын автоматты түрде шығарылады. Еріген су науа арқылы құрылғының артқы жағында, мотор компрессорының үстінде орналасқан арнайы сауытқа жиналады да, сол жерде буға айналады.

Жиналған су ағып, тоңазытқыштағы тағамға тамшыламас үшін тоңазытқыш бөліктегі науаның ортасындағы еріген су ағатын саңылауды мезгіл-мезгіл тазалап тұрған маңызды

Құрылғымен бірге жеткізілетін арнайы тазалағыш құралды пайдаланыңыз, оны су ағатын тесіктен аласыз.

6.4 Мұздатқыштың мұзын еріту

Бұл "мұз қатпайтын" бөлік. Бұл құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде ішкі қабырғаларының бетіне де, тағамның үстіне де ешбір мұз қатпайтынын көрсетеді.

Мұз қатпайтын себебі, автоматты түрде басқарылатын желдеткіш құрылғы ішінде үнемі суық ауаны айналдырып тұрады.

6.5 Көміртекті сүзгіні ауыстыру

Көміртекті сүзгі тамаша жұмыс істеуі үшін оны алты ай сайын ауыстырып отыру керек. Жаңа сүзгіні жергілікті дилерден сатып алуға болады.

"Көміртекті сүзгіні орнату" тарауындағы нұсқауларды қараңыз.

7. АҚАУЛЫҚТЫ ТҮЗЕТУ



Сақтандыру туралы ескерту!

Ақаулықтың себептерін анықтамас бұрын құрылғыны тоқтан ағытыңыз. Осы нұсқаулықта көрсетілмеген ақаулықты тек білікті электрші немесе уәкілетті адам ғана анықтауға тиіс.



Құрылғы қалыпты жұмыс істеп тұрған кезде шуыл естіледі (компрессор, салқындатқыш сұйықтықтың айналуы).

Ақаулық	Ықтимал себебі	Шешімі
Құрылғыдан шуыл шығады.	Құрылғы дұрыс орнықпаған.	Құрылғының орнықты тұрған-тұрмағанын тексеріңіз (төрт аяғы да еденге тиіп тұруға тиіс).
Компрессор үздіксіз жұмыс істейді.	Температура тетігі дұрыс орнатылмаған болуы мүмкін.	Жылырақ температураға қойыңыз.
	Есік дұрыс жабылмаған.	"Есікті жабу" тарауын қараңыз.
	Есік тым жиі ашылған.	Есікті қажет кезде ғана ашыңыз, ұзақ ашып қоймаңыз.

Ақаулық	Ықтимал себәбі	Шешімі
	Тағамның температурасы тым жоғары.	Тағамды сақтардың алдында температурасын бөлме температурасына дейін азайтыңыз.
	Бөлме температурасы тым жоғары.	Бөлменің температурасын азайтыңыз.
	Жылдам мұздату функциясы қосылған.	"Жылдам мұздату функциясы" тарауын қараңыз.
Су тоңазытқыштың артқы тақтасына қарай ағады.	Мұзды автоматты түрде еріту барысында мұз артқы тақтаға ағады.	Бұл дұрыс.
Су тоңазытқыштың ішіне ағады.	Су ағатын түтікше бітеліп қалған.	Су ағатын түтікшені тазалаңыз.
	Тағамдар судың су жинағыш науаға құйылуына кедергі жасайды.	Тағамдарды артқы тақтаға тигізбей орналастырыңыз.
Су жерге ағады.	Еріген су ағатын түтікше арқылы аққан су, компрессордың үстіндегі буландырғыш науаға ақпайды.	Еріген су ағатын түтікшені буландырғыш науаға жалғаңыз.
Қырау, мұз тым көп қатқан.	Тағамдар дұрыс оралмаған.	Тағамдарды жақсылап ораңыз.
	Есік дұрыс жабылмаған.	"Есікті жабу" тарауын қараңыз.
	Температура тетігі дұрыс орнатылмаған болуы мүмкін.	Жоғарырақ температураға қойыңыз.
Құрылғының ішіндегі температура тым жоғары.	Есік дұрыс жабылмаған.	"Есікті жабу" тарауын қараңыз.
	Тағамның температурасы тым жоғары.	Тағамды сақтардың алдында температурасын бөлме температурасына дейін азайтыңыз.
	Бір мезгілде тым көп тағам сақтауға қойылған.	Бір мезгілде сақталатын тағам мөлшерін азайтыңыз.
Тоңазытқыштың ішіндегі температура тым жоғары.	Құрылғының ішінде суық ауа айналымы жоқ.	Құрылғы ішінде суық ауаның айналуын қамтамасыз етіңіз.
Мұздатқыштың ішіндегі температура тым жоғары.	Тағамдар бір-біріне өте жақын қойылған.	Тағамдарды суық ауа айнала алатындай етіп сақтаңыз.
Құрылғы жұмыс істемейді.	Құрылғы сөндірулі.	Құрылғыны іске қосыңыз.

Ақаулық	Ықтимал себебі	Шешімі
	Қуат ашасы розеткаға дұрыс сұғылмаған.	Ашаны розеткаға дұрыстап сұғыңыз.
	Құрылғыға электр қуаты келмей тұр. Розеткада тоқ жоқ.	Розеткаға басқа электр құрылғысын қосып көріңіз. Электрші маманға хабарласыңыз.
Шам жанбайды.	Шам күту режимінде тұр.	Есікті жауып, қайта ашыңыз.
Бейнебетте "dEMo" жазуы пайда болады.	Құрылғы демо режимде тұр.	Ұзақ дыбыстық сигнал естіліп, бейнебет аз уақытқа сөнген кезде Режим түймешігін шамамен 10 сек. басып ұстап тұрыңыз: құрылғы қалыпты жұмыс істей бастайды.
Дыбыстық сигнал естіледі.	Есік дұрыс жабылмаған.	"Есік ашық сигналын" қараңыз.
Температура бейнебетінде үстіңгі немесе астыңғы текше көрсетіледі.	Температураны өлшеген кезде қате орын алды.	Қызмет көрсету орталығы өкіліне хабарласыңыз (салқындатқыш жүйе тағамды салқындатуын жалғастырады, бірақ температураны реттеу мүмкін емес).

Берілген ақыл-кеңес ақаулықты түзетуге көмектеспесе, жақын жердегі қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

7.1 Шамды ауыстыру

Құрылғы қолданыс мерзімі ұзақ LED ішкі жарықтама шамымен жабдықталған. Жарықтандыру құралын сервис қызметкері ауыстыру керек. Қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

2. Қажет болса, есікті реттеңіз. "Орнату" тарауын қараңыз.
3. Қажет болса, зақым келген тығыздағыштарды өзгертіңіз. Қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

7.2 Есікті жабыңыз

1. Есік тығыздағыштарын тазалаңыз.

8. ОРНАТУ



Назарыңызда болсын!

Құрылғыны орнатпай тұрып "Қауіпсіздік туралы ақпаратты" жеке басыңыздың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін және құрылғыны дұрыс пайдалану үшін мұқият оқып шығыңыз.

8.1 Орналастыру


Бұл құрылғыны температурасы құрылғының техникалық ақпараттар тақтайшасында көрсетілген климат санатына сай келетін жерге орналастыру қажет:

Климат санаты	Қоршаған орта температурасы
SN	+10°C бастап + 32°C дейін
N	+16°C бастап + 32°C дейін
ST	+16°C бастап + 38°C дейін
T	+16°C бастап + 43°C дейін

8.2 Электр желісіне жалғау

Электр желісіне қоспас бұрын техникалық ақпарат тақтайшасында көрсетілген кернеу

8.3 Орналасуы




Құрылғыны радиаторлар, бойлерлер, тура түскен күн жарығы сияқты жылу көздерінен мүмкіндігінше алыс орнату қажет. Құрылғының артқы жағында ауаның еркін айналып тұруын қамтамасыз етіңіз. Құрылғы жақсы жұмыс істеуі үшін, егер құрылғы қабырғаға ілулі заттың астына қойылса, құрылғының үсті мен қабырғаға ілулі заттың арасында кем дегенде 100 мм орын қалуға тиіс. Дегенмен, ең жақсысы, құрылғыны қабырғаға ілінетін заттың астына қоймаған дұрыс. Құрылғы корпусының астындағы бір немесе бірнеше аяғын реттеу арқылы оны бір деңгейлеп орнатуға болады.



Назарыңызда болсын!

Құрылғыны электр желісінен ағытатындай етіп орналастыру керек; сондықтан оны орнатқаннан кейін оның ашасы қол оңай жететін жерде тұруға тиіс.


8.4 Артқы тығыздағыштар



Құжаттар салынған қалтадан екі тығыздағышты таба аласыз. Тығыздағыштарды орнату үшін мына қадамдарды орындаңыз:


1. Бұранданы босатыңыз.
2. Тығыздағышты бұранданың астына салыңыз.
3. Тығыздағышты дұрыс жаққа бұраңыз.
4. Бұрандаларды қатайтыңыз.

8.5 Деңгейін келтіру



Құрылғыны орналастырған кезде орнықты болуын қадағалаңыз. Оны алдыңғы төменгі жағындағы реттемелі екі аяғының көмегімен орнықты етуге болады.

8.6 Иіс сүзгісін орнату




TasteGuard сүзгісі жағымсыз иістерді сіңіріп, тағамның иісін, дәмін, бір-біріне сіңірмей өз қалпында сақтайтын, белсендірілген көміртегіден жасалған сүзгі болып табылады. Көміртекті сүзгінің қолданыс мерзімін және қасиеттерін сақтау үшін, пластик қалтаға салынып жеткізіледі. Сүзгіні құрылғыны іске қоспай тұрып, қалқанның артына орнату керек.

1. Қалқанның қақпағын ашыңыз.
2. Сүзгіні пластик қалтадан алыңыз.
3. Сүзгіні қалқан қақпағының артында орналасқан саңылауға салыңыз.
4. Қалқанның қақпағын жабыңыз.



Сүзгіні беткі фрагменттері босап кетпес үшін абайлап ұстау керек. Сүзгіні алты ай сайын бір рет ауыстырып отыру керек.

8.7 Есіктің ашылатын жағын өзгерту



Назарыңызда болсын!



Қандай да бір жұмысты іске асырмас бұрын ашаны электр розеткасынан суырыңыз.




Төмендегі әрекеттерді жүзеге асыру үшін, құрылғының есіктерін мықтап ұстап тұруға көмектесетін тағы бір адамның болуын ұсынамыз.

Есіктің ашылатын бағытын өзгерту үшін мына қадамдарды жасаңыз:

- Есіктерді ашыңыз. Ортаңғы топсаны (B) ағытып алыңыз. Пластмасса аралық шектегішті (A) алыңыз
- Аралық шектегішті (F) алыңыз да, топса өзегінің (E) екінші жағына ауыстырыңыз.
- Есіктерді алыңыз.
- Ортаңғы топсаның (C, D) сол жақ қақпақ істікшесін алыңыз да, екінші жағына ауыстырыңыз.
- Ортаңғы топсаның істікшесін (E) астыңғы есіктің сол жақ тесігіне салыңыз.
- Үстіңгі топса білікшесін босатып алып, қарама-қарсы жаққа бекітіңіз.



- Қақпақты құралмен алыңыз. (A).
- Астыңғы топса өзегін (B) және аралық шектегішті (C) бұрап алыңыз да, қарсы жағына салыңыз.
- Қақпақты (A) қарама-қарсы жаққа қайта орнатыңыз.





- Қақпақтарды (B) алыңыз. Қақпақтардың білікшесін (A) алыңыз.
- Тұтқаларын (C) алып, қарама-қарсы жаққа орнатыңыз.
- Қақпақтың білікшелерін (A) қарама-қарсы жаққа қайта орнатыңыз.





Ең соңында төмендегілерді тексеріңіз:


- Барлық бұрандалардың қатайтып бұралғанын.
- Магнитті тығыздауыштың қаптамаға жабысқанын.
- Есіктің дұрыс ашылып-жабылатынын. Егер бөлме температурасы салқын болса (мысалы, қыста), тығыздағыш қаптамаға дұрыс келмеуі мүмкін. Мұндай жағдайда тығыздағыш өздігінен дәл келгенше күтіңіз. Егер жоғарыда аталған жұмысты атқарғыңыз келмесе, жақын жерде орналасқан қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Қызмет көрсету орталығының маманы есіктің орнын төлемақыға ауыстырып береді.

9. ШУЫЛ ТҮРЛЕРІ

Құрылғы қалыпты жұмыс істеп тұрған кезде түрлі шуыл естіледі (компрессор, салқындатқыш сұйықтықтың айналуы).








10. ТЕХНИКАЛЫҚ СИППАТАМА


Өлшемі		
Биіктігі	2014 мм	
Ені	595 мм	
Тереңдігі	658 мм	
Температураны көтеру уақыты	18 сағ	
Кернеу	230-240 В	
Жиілік	50 Гц	

Техникалық ақпарат құрылғының ішкі сол жағында орналасқан техникалық ақпарат

тақтайшасында және қуат мәндері берілген жапсырмада көрсетілген.

11. ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ЗИЯН КЕЛДІРМЕУ ТУРАЛЫ МАҒЛҰМАТТАР

Белгі  салынған материалдарды қайта өңдеуден өткізуге тапсырыңыз. Орам материалдарын қайта өңдеуден өткізу үшін тиісті контейнерлерге салыңыз. Электрлік және электроникалық құрылғылардың қалдығын қайта өңдеуден өткізу арқылы, қоршаған ортаға және

адамның денсаулығына зиян келтіретін жағдайларға жол бермеуге өз үлесіңізді қосыңыз. Белгі  салынған құрылғыларды тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Өнімді жергілікті қайта өңдеу орталығына өткізіңіз немесе жергілікті мекемеге хабарласыңыз.

СОДЕРЖАНИЕ

1. УКАЗАНИЯ ПО БЕЗОПАСНОСТИ	27
2. ОПИСАНИЕ ИЗДЕЛИЯ	30
3. ПАНЕЛЬ УПРАВЛЕНИЯ	30
4. ЕЖЕДНЕВНОЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ	34
5. ПОЛЕЗНЫЕ СОВЕТЫ	38
6. УХОД И ОЧИСТКА	40
7. ПОИСК И УСТРАНЕНИЕ НЕИСПРАВНОСТЕЙ	41
8. УСТАНОВКА	43
9. ШУМЫ ПРИ РАБОТЕ	47
10. ТЕХНИЧЕСКИЕ ДАННЫЕ	49

МЫ ДУМАЕМ О ВАС

Благодарим Вас за приобретение прибора Electrolux. Вы выбрали изделие, за которым стоят десятилетия профессионального опыта и инноваций. Уникальное и стильное, оно создавалось с заботой о Вас. Поэтому когда бы Вы ни воспользовались им, Вы можете быть уверены: результаты всегда будут превосходными.

Добро пожаловать в Electrolux!

На нашем веб-сайте Вы сможете:



Найти рекомендации по использованию изделий, руководства по эксплуатации, мастер устранения неисправностей, информацию о техническом обслуживании:
www.electrolux.com



Зарегистрировать свое изделия для улучшения обслуживания:
www.electrolux.com/productregistration



Приобрести дополнительные принадлежности, расходные материалы и фирменные запасные части для своего прибора:
www.electrolux.com/shop

ПОДДЕРЖКА ПОТРЕБИТЕЛЕЙ И СЕРВИСНОЕ ОБСЛУЖИВАНИЕ

Мы рекомендуем использовать оригинальные запчасти.

При обращении в сервис-центр следует иметь под рукой следующую информацию.

Данная информация находится на табличке с техническими данными. Модель, код изделия (PNC), серийный номер.



Внимание / Важные сведения по технике безопасности.



Общая информация и рекомендации



Информация по защите окружающей среды

Право на изменения сохраняется.

1. УКАЗАНИЯ ПО БЕЗОПАСНОСТИ

Для обеспечения собственной безопасности и правильной эксплуатации прибора, перед его установкой и первым использованием внимательно прочитайте данное руководство, не пропуская рекомендации и предупреждения. Чтобы избежать нежелательных ошибок и несчастных случаев, важно, чтобы все, кто пользуется данным прибором, подробно ознакомились с его работой и правилами техники безопасности. Сохраните настоящее руководство и в случае продажи прибора или его передачи в пользование другому лицу передайте вместе с ним и данное руководство, чтобы новый пользователь получил соответствующую информацию о правильной эксплуатации и правилах техники безопасности. В интересах безопасности людей и имущества соблюдайте меры предосторожности, указанные в настоящем руководстве, так как производитель не несет ответственности за убытки, вызванные несоблюдением указанных мер.

1.1 Безопасность детей и лиц с ограниченными возможностями

- Данное изделие не предназначено для эксплуатации лицами (в том числе детьми) с ограниченными физическими, сенсорными или умственными способностями или с недостаточным опытом или знаниями без присмотра лица, отвечающего за их безопасность, или получения от него соответствующих инструкций, позволяющих им безопасно эксплуатировать его.
Необходимо следить за тем, чтобы дети не играли с прибором.
- Держите все упаковочные материалы в недоступном для детей месте. Существует опасность удушья.
- Если прибор больше не нужен, выньте вилку из розетки, обрежьте шнур питания (как можно ближе к прибору) и снимите дверцу, чтобы дети, играя, не получили удар током или не заперлись внутри прибора.
- Если данный прибор (имеющий магнитное уплотнение дверцы) предназначен для замены старого холодильника с пружинным замком (защелкой) дверцы или крышки, перед утилизацией старого холодильника обязательно выведите замок из строя. Это позволит исключить превращение его в смертельную ловушку для детей.

1.2 Общие правила техники безопасности



ВНИМАНИЕ!

Не перекрывайте вентиляционные отверстия в корпусе прибора или в мебели, в которую он встроен.

- Данный прибор предназначен для хранения продуктов питания и (или) напитков в бытовых или аналогичных с ними условиях, как то:
